

Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату тетігін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 15 тамыз N 908. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.

Өтем жасай алмайтын борышкерге айналған мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қолдау, сондай-ақ мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына бекітілген мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, мемлекеттің, кредиторлардың және еңбек ұжымдарының құқы мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату тетігі туралы уақытша Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы құрамына Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі, Қаржы министрлігінің, Еңбек министрлігінің, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің басқа да министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік акционерлік және холдинг компаниялардың өкілдерін енгізе отырып зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі Республикалық ведомствоаралық комиссия құрылсын. <*>

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталған Комиссияның жеке құрамы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

Ескерту. 2-тармақтың ішінде сөздер түзетілген - ҚРМК-нің
1995 ж. 11 қаңтардағы N 36 қаулысына сәйкес.

3. Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі Республикалық ведомствоаралық комиссия туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

4. Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі Республикалық ведомствоаралық комиссия жұмысына тәуелсіз сарапшылар мен мамандарды тарту жөніндегі шығындар Қазақстан Республикасының мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995

жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасын іске асыруға көзделген республикалық бюджеттегі қаржы есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 15 тамыздағы

N 908 қаулысымен

Бекітілген

Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы
кәсіпорындарын санациялау және тарату тетігі туралы

Уақытша ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылдың 2 маусымындағы N 1720 өкімін орындау үшін "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жасалады және мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ерекшеліктерін ескере отырып, дәрменсіз осы кәсіпорындарды қаржы-экономикалық жағынан сауықтыру (санациялау) және тарату тәртібі мен шартын анықтайды.

2. Ереже дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялаудың орындылығы туралы шешім қабылдаудың жалпы тәртібін, санациялау бағдарламаларын таңдау тендерін өткізуді ұйымдастыру тәртібін осы бағдарламаларды жүзеге асыру және санациялау қорытындысын шығару тәртібі мен шартын, сондай-ақ оларды тарату процедурасын белгілейді.

3. Ережеде төмендегідей ұғымдар пайдаланылады:

санация - шаруашылық жүргізуші субъектіні таратуды болдырмау немесе бәсекелестік қабілеттілігін арттыру мақсатымен оны қайта құруды және экономикалық әрі қаржы жағдайын сауықтыруға бағытталған басқа да шараларды қамтитын шаралар жиынтығы;

дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорыны - кіріссіз жұмыс істейтін және несие беруші мен бюджет алдындағы өз міндеттерін орындауға қабілетсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорны (мұнан әрі - мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорны);

санациялау бағдарламасы - құзырлы орган бекіткен кәсіпорында таратуды болдырмау немесе бәсекелестік қабілеттілігін арттыру мақсатында оның қаржы-экономикалық жағдайын сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға бағытталған бағдарлама.

Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі Республикалық ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі -

Комиссия) - санациялау орындылығы туралы істі қарау, санациялау бағдарламасын қабылдау және оның қорытындысын шығару үшін құрылған мемлекеттік орган;

тендер - шетел инвесторларының қатысуымен өтетін техникалық және коммерциялық шарттарды қамтиды мемлекеттік сауда-саттық түрі.

II. Дәрменсіздік белгілері

4. Мынадай мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары дәрменсіз деп есептеледі:

соңғы үш жыл бойы шығынмен жұмыс істеген;

республика заңдарымен белгіленген мерзімде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға салық төлеу және қаражат бөлу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамайтын;

өзіне мүлктік талаптар қойған заңды ұйымдар мен жеке адамдардың барлық талаптары жиынтығын шартпен белгіленген мерзімде орындауды қамтамасыз етпейтін;

өз мүлкінің құнынан асып түсетін сомлада борыштық қолхаты барлар. Борыштық қолхаттардың сомасы мен мүлктің құны Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте анықталады.

5. Дәрменсіз болып табылатын мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына арнаулы санация процедуралары қолданылады.

III. Санациялау туралы шешімді қарау

тәртібі мен қабылдау шарты

6. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнын санациялау туралы істі қарау үшін қарызды азаматтық дауларды шешетін әдеттегі тәртіпте алудың мүмкін еместігі туралы салық және қаржы органдарының, банктердің, несие берушілердің арызы, сондай-ақ борышкер - кәсіпорынның өзінің арызы негіз болып табылады, олар Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жоғарыда аталған органдар мен адамдардан арызды алған сәттен бастап бір апталық мерзімде мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнынан төмендегі құжаттарды талап етеді:

пошталық мекен-жайы, есеп шоты және қызмет ететін банктің атауы көрсетілген реквизиттерді;

мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнынның дәрменсіздігі туралы арыз түскен айдың бірінші күніне дейінгі бухгалтерлік балансты;

мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорныннан несие берушілердің толық

тізімін;

мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнына борышкерлердің толық тізімін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қалауы бойынша дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының экономикалық, қаржы және мүлктік жағдайы туралы басқа да қажетті ақпараттарды.

7. Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік ауыл шаруашылығы тапсырған материалдарды зерттеп, екі апталық мерзімде өз ұсыныстарын кәсіпорынды санациялау немесе тарату жөніндегі Комиссияға жібереді.

8. Комиссия бір апталық мерзімде алдын ала сараптау өткізіп, төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды;

санациялау мерзімін нақты белгілей отырып несие берушінің жазбаша келісімімен дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнына қатысты санациялау жүргізудің орындылығы туралы;

шамасыз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнына қатысты санация жүргізудің орынсыздығы туралы. Бұл жағдайда материалдар тиісті шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылады.

Комиссия қабылдаған шешімге сот арқылы шағым беруге болады. Шағым беру осы Ережемен белгіленген процедураларды орындауды тоқтатпайды.

Дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнын санациялау туралы шешім мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қаржысы есебінен баспасөзде міндетті түрде жарияланады, сондай-ақ оның еңбек ұжымының назарына жеткізіледі.

IV. Санациялау процедурасы

9. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнын дәрменсіз деп тану туралы шешім қабылданғаннан кейін, Комиссия оны санациялаудың ықтимал нұсқаларын қарастырады. Дәрменсіз борышкерге меншік иесінің қаржы жәрдемін беруі, құрылымдық өзгерістер жүргізу және контрактілік негізде әкімшілік басқарушы тағайындай отырып 18 айға дейін мерзімге әкімшілік басқаруды енгізу арқылы оның төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігінің болуы санация жүргізу үшін негіз болып табылады.

10. Әкімшілік басқарушының кандидатурасын және санациялау бағдарламасын комиссияға облыс әкімдерінің тиісті органдары ұсынады.

Әкімшілік басқарушыны Комиссия дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнында әкімшілік басқару енгізу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап он күннен кешіктірмей тағайындайды.

Дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының лауазымды адамы әкімшілік басқарушы болып тағайындала алмайды.

V. Әкімшілік басқарушының құқықтары мен міндеттері

11. Әкімшілік басқарушы кәсіпорында санация жүргізу кезінде:
егер санация бағдарламасында басқадай белгіленбесе, өндіріс құрылымын өзгертуге және оны қайта бағдарлауды жүргізуге;
мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін, оның ішінде басшыларын тағайындауға және босатуға;
мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының мүлкіне иелік етуге, егер Қазақстан Республикасы заңдарымен басқада көзделмеген болса, негізгі және айналым қаржысын сатуға немесе кепілге беруге. Бұл ретте негізгі және айналым қаржысын сату немесе кепілге беру нәтижесінде алынған қаражаттың кем дегенде 80 проценті мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қаржы жағдайын сауықтыру мақсаттарына және борыштық міндеттемелерін өтеуге пайдаланылуы тиіс.
өндірісті тікелей басқаруға құқы бар.
12. Әкімшілік басқарушы өзіне:
жұмыс орнының кем дегенде 70 процентін сақтау жөнінде міндеттеме;
Республика заңдарына сәйкес мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға, соның ішінде босатылған қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін міндетті түрде қамтамасыз етуге кепілдік;
мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қарызын өтеу және де санация басталғаннан бері 12 ай өткен соң несие берушілер талаптарының жалпы сомасының кем дегенде 40 процентін қанағаттандыру жөнінде міндеттеме;
санация барысында кәсіпорынның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттеме;
санация бағдарламасында көзделген басқа да шарттарды қабылдайды.
13. Әкімшілік басқарушы өз қызметінде облыс әкімдеріне есеп береді және оған тоқсанына бір рет санация бағдарламасын жүзеге асыру туралы есеп беріп отырады.
14. Әкімшілік басқарушы өз жұмысы үшін сыйақы алып отырады, оның мөлшері контрактіде белгіленеді.
15. Әкімшілік басқарушымен контракт Қазақстан Республикасының заңдарында және контрактіде көзделген негіздер бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.
16. Әкімшілік басқарушысымен контрактіні мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Комиссия қалған мерзімге жаңа әкімшілік басқарушысын тағайындау

немесе санация бағдарламасын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Жаңа әкімшілік басқарушы осы Ереженің 10-тармағында белгіленген тәртіппен тағайындалады.

17. Санация мерзімі аяқталған соң 10 күн ішінде әкімшілік басқарушысы Комиссияға санацияланған мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қаржы-шаруашылық күйі туралы есеп тапсырады.

Егер санациялау нәтижесінде кәсіпорынды дәрменсіз деп тану үшін негіз жойылған болса, Комиссия санацияны тоқтату туралы шешім қабылдайды.

18. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорнын санациялауды жүзеге асырған әкімшілік басқарушы кәсіпорын қаражаты есебінен бастапқы контрактіде көзделген біржолғы сыйақы алады, сондай-ақ ол кәсіпорын басшысы (өз келісімімен) болып тағайындалуы мүмкін.

VI. Кәсіпорынды тарату

19. Егер мемлекеттік кәсіпорынды санациялау оны сауықтыруға әкеліп соқпағаны және осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген негіздердің сақталғаны анықталатын болса, Комиссия кәсіпорынды тарату туралы шешім қабылдайды. Осы сәттен бастап кәсіпорын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарамағына өтеді. Кәсіпорынды тарату туралы шешімді осы кәсіпорынның банкрот болуы туралы мәселені қараған сот та қабылдауы мүмкін.

20. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның тиісті аумақтық органдары бір апталық мерзімде:

шешімді еңбек ұжымының назарына жеткізеді;

еңбек ұжымы өкілдерінің қатысуымен тарату комиссиясын тағайындайды және оның қызмет тәртібін белгілейді;

бұқаралық ақпарат құралдарында қабылданған шешім туралы хабарлайды және кәсіпорынның несие берушілеріне екі айлық мерзімде өз талаптарын тапсыруды ұсынады;

кәсіпорынды, оның мүлкін ашық коммерциялық байқау немесе инвестициялық тендер шартымен, сондай-ақ аукционда сату туралы хабарлайды. Әрбір нақты жағдайда сату шартын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейді.

Осы сәттен бастап кәсіпорын мен оның мүлкіне басшылық жасауды тарату комиссиясы жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген кәсіпорын мүлкін сақтау жөніндегі, кәсіпорынның несие берушілері мен қарыздарының шағымы жөніндегі барлық іс-әрекеттерді жүргізеді, сондай-ақ кәсіпорын мен оның мүлкін сату жөніндегі коммерциялық конкурсты өткізуді

әзірлейді.

21. Кәсіпорынды, оның мүлкін сату жөніндегі конкурс несие берушілердің талап қоюының жарияланған мерзімі біткен соң, бірақ кәсіпорынды нақты тарату туралы шешім қабылданған сәттен бастап үш айдан кешіктірілмей тағайындалады. Конкурс шарты:

кәсіпорынды тұтастай сатып алуды;

кәсіпорын міндеттемелерін қабылдауды;

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктерін, құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер қабылдауды қамтуы керек.

Мыналар конкурстың қосымша шарты болуы мүмкін:

негізгі қызмет түрін сақтау жөніндегі міндеттеме қабылдау;

кәсіпорында жұмыс орнының кем дегенде 70 процентін сақтау;

экономикалық қауіпсіздік пен айналадағы ортаны қорғау жөніндегі шаралар өткізу туралы міндеттеме.

Кәсіпорынды сату жөніндегі конкурсты еңбек ұжымы өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет пен оның аумақтық комитеттері және тарату комиссиясы өткізеді.

22. кәсіпорынды, оның мүлкін сату жөніндегі конкурсқа қатысуға заңды ұйымдар мен жеке адамдар, соның ішінде егер конкурс шартында басқадай айтылмаса, шетелдіктер де жіберіледі. Несие берушілер мен еңбек ұжымы конкурсқа жалпы негізде қатыса алады.

23. Конкурсты өткізу кезінде қатысушылардан алғашқы бағасының 20 проценті мөлшерінде ақшалай кепіл алынады.

Сатылатын кәсіпорын үшін ең жоғары баға ұсынған және конкурс шартын орындауға міндеттеме тапсырған сатып алушы конкурс жеңімпазы болып табылады.

24. Сауда-саттық егер оған кем дегенде екі сатып алушы қатысқан жағдайда ғана болуы мүмкін.

Егер конкурсқа қатысуға тек бір өтініш қана келіп түссе, кәсіпорын алғашқы бағасы бойынша өтініш бергенге бастапқы бағасы бойынша сатылады.

Кәсіпорынды алғашқы бағасы бойынша сатып алудан бас тартқан жағдайда оны арзандату туралы, бірақ кем дегенде 30 процентке арзандату туралы шешім қабылдануы мүмкін және сауда-саттық бір ай ішінде өткізіледі.

Егер кәсіпорын осы шарттармен де сатылмайтын болса, онда 10 күн ішінде оның мүлкін бөлшектеп сату туралы шешім қабылданады.

25. Кәсіпорын мүлкін сату нәтижесінде алынған қаржы республика заңдарына сәйкес бюджет алдындағы міндеттемелерді өтеуге, несие берушілердің талабын қанағаттандыруға, кәсіпорынның босатылған

қызметкерлеріне төлем төлеуді қамтамасыз етуге, басқа да міндетті төлемдерді жасауға, сондай-ақ тарату комиссиясын ұстауға арналған шығынды қоса алғанда, кәсіпорындарды санациялау және сату жөніндегі шығындарды өтеуге жұмсалады

26. Мүліктің қалған сатылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті анықтайтын заңды мұрагеріне тапсырылады, оған тапсырылған мүлік көлемінде республика заңдарымен белгіленген міндеттемелерді өтеу міндеті жүктеледі.

27. Тарату комиссиясы кәсіпорынды немесе оның мүлкін сатқан сәттен бастап үш күндік мерзімде кәсіпорынды мемлекеттік реестрден шығару үшін мемлекеттік тіркеу органдарына осы туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 15 тамыздағы
N 908 қаулысымен
Бекітілген

Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы
кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі
Республикалық ведомствоаралық комиссия туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Зиян шегуші мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі Республикалық ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) - мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының санациясы мен банкротқа ұшырауы бойынша ұйымдық-экономикалық шаралар жүйесін жалпыреспубликалық көлемде іс жүзіне асыру мен үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан құрылған алқалық орган. <*>

Ескерту. 1-тармақтың 1 тарауында сөздер түзетілген - ҚРМК-нің
1995 ж. 11 қаңтардағы N 36 қаулысына сәйкес.

2. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Еңбек министрлігінің, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялардың өкілдері енгізіледі.

Комиссияның жеке құрамын Экономика министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

3. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комиссияның міндеті мен қызметі

Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін мына қызметтерді атқарады:

санацияның жалпы принциптері мен тетіктерін дәрменсіз мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған қайта бағдарлауды, қайта құру мен басқа да шараларды белгілейді;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік акционерлік және холдинг компаниялардың, жергілікті әкімдердің мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, ұйымдар мен акционерлік қоғамдарды санациялауды өткізу жөніндегі шараларын қарайды;

экономиканың аграрлық секторындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайын жақсарту мәселелерін шешу кезінде мемлекет мүддесін білдіреді;

дәрменсіз кәсіпорындарды санациялаудың орынды-орынсыздығы жөнінде шешім қабылдайды, оларды санациялау бағдарламасын бекітеді, санациялау кезеңіне әкімшілік басқарушы тағайындайды, дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау жөніндегі шаралардың орындалу барысына, санациялауды өткізуге қаржының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасайды, олардың қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуына кепілдікті, санация қорытындысының шығарылуын қамтамасыз етеді;

санациялау орынсыз болғанда немесе кәсіпорындарды санациялау оларды сауықтыруға апармаған жағдайларда дәрменсіз кәсіпорындарды тарату туралы шешім қабылдайды;

комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құжаттар әзірлеп, басып шығарады, республика үкіметі қарауына дәрменсіз мемлекеттік

кәсіпорындарды санациялау және сауықтыру саласында практикалық шараларды жүзеге асыру жөніндегі шешім жобаларын ұсынады;

мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының санациясы мен банкроттығы мәселелері бойынша министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдар мен мекемелердің, жергілікті әкімдердің іс-қимылын үйлестіреді.

III. Комиссия қызметін ұйымдастыру

1. Комиссияны төраға басқарады, оның құрамына сондай-ақ төрағаның орынбасары мен хатшы кіреді.

2. Шешім комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші мәнге ие.

3. Комиссияның жұмыс мәжілістерінің ағымдағы регламенті мен кестесін төраға бекітеді және ол Комиссияның әрбір мүшесіне алдын ала жеткізіледі.

4. Комиссия қажет болғанда мәжіліс жұмысына тиісті саланың мамандары мен сарапшыларын тартады.

5. Дәрменсіз кәсіпорындардың ісін қарау кезінде Комиссия мәжілісінің жұмысына несие берушілердің өкілетті өкілдерінің қатысуға құқы бар.

6. Комиссия шешімі оның мәжілісінің хаттамасымен рәсімделеді. Хаттамаға төраға мен хатшы қол қояды.

7. Комиссия тоқсанына бір рет өз жұмысы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің алдында есеп береді.

8. Қаралған істер бойынша шешім қабылдағанға дейін Комиссияның материалдарын жария етуге болмайды.

9. Дәрменсіз кәсіпорындарды тарату жөніндегі Комиссияның шешімдері баспасөзде жарияланады.